

# «Олжабай батыр ауылъының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атаяу)

## **Орта білім беру ұйымдарына арналған ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№2 2023 жылғы "31" казаже

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Шамширова Ш.А.

Қатысқандар: 32 (тізім қоса тігіледі)

### **Күн тәртібі**

1. «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабак жүргізу» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу
2. Кіріс бақылау жұмыстарын алуды ұйымдастыру қорытындысы, қашықтық оқудағы қыындықтар бойынша білімдегі олқылықтарды жою жолдарын қарастыру.
3. Білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша 1,5,10 сыныптардың бейімделу барысы
4. Мектепішілік бақылау жоспары негізінде пәндер бойынша сабак жүргізу қорытындысы.
5. 5, 6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының қорытындысы
6. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау нәтижесі

### Отырыс барысы

#### **Тындалды:**

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2023 жылдың 24 тамызында өткен №1 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №1 ӘК отырысының шешіміне сәйкес қыркүйек айының 1 дейін барлық жоспарлар бекітіліп, мұғалімдер бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасап жатқандығына тоқталды. Барлық жоспарлар оқу бағдарламаларын негізінде құрылды. Тәлімгерлік жоспар бойынша жас мамандардың сабактарына қатысып, іс – тәжірибесімен үнемі бөлісіп отырады. Мектептің жылдық жоспары негізінде айлық жоспар құрылып, іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Мектеп мұғалімдерімен электронды журналды, мектеп құжаттарын жүргізу бойынша нұсқаулы жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі М.Т.Дүйсенбаев «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабак жүргізу» тақырыбында іс- тәжірибемен бөлісті.

«Білім беру технологиясы бұл - әдіс-тәсілдер, қадамдар жүйесі, оны орындау дәйектілігі оқушының жеке басын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде ұсынылады; педагогикалық процестің компоненттерін кепілдендірілген нәтиже беретін іс-әрекеттер жүйесі түрінде әзірлеу және

процедуралық іске асыру болып саналады. . Мұғалімдердің міндеті - баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту. Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына белінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған.» деп атап өтті. М.Т.Дүйсенбаев сабакта қолданатын әдіс – тәсілдермен бөлісті.

### **Сөз сөйлегендер:**

Хуат А. – Сапалы сабак жүргізудің сыры – сабакта түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, жаңа тақырыпты оқушыға жеңіл әрі тиімді үйрету.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

2. Білім сапасын арттыру, сапалы сабак жүргізу мақсатында күнделікті сабакты тиянақты жоспарлау.

№2 сұрақ бойынша С.К.Смаилова кіріс бақылау жұмыстарын алуды ұйымдастыру қорытындысына тоқталды. 1 тоқсанда қашықтан оқуға байланысты кіріс бақылау жұмыстарын алу қынға соқты. Оған себеп біріншіден, оқушылардың қашықтан окуға үйреніспеуі. Екіншіден, бақылау жұмысын өткізу әдіс – тәсілдерінің дұрыс таңдалмауы. Ауызша оқытатын пәндер кіріс бақылау жұмыстарын ауызша сұрақ – жауап ретінде өткізсе, жазбаша пәндер тест түрінде өткізді. 1 тоқсан қорытындысы бойынша өткен оқу жылының қорытындысымен салыстырғанда бірнеше пәндерден білім сапасы төмендеген. Бұған себеп қашықтан оқу деп айтуда болады. Қашықтан оқудың қындықтары:

- Интернет желісінің дұрыс болмауы;
- Отбасында мобиЛЬДІК құрылғылардың жетіспеуі;
- Бастауыш сынып оқушыларының машықтанбауы;

Осыған орай қашықтық оқудағы қындықтар бойынша білімдегі олқылықтарды жою жолдарын қарастыру ұсынылды.

### **Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – белгілі себептерге байланысты 1 тоқсанды қашықтан оқуға тұра келді. Әр пән бойынша жіберілген олқылықтарды жою бойынша жоспар құрылу керек. Және олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабактарда өткен тақырыптарды қосымша қайталау, демалыс кезіндегі мектеп ұйымдастыру қажет.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша олқылықтарды жою жоспарын құру және жұмыстар жүргізу;

2. Үлгерімі төмен оқушылармен, 2,3 сабактан «3» бағасы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу;
3. Жоспар бойынша және жоспардан тыс сабактарға қатысады жалғастыру;

Үшінші сұрақ бойынша С.К.Смаилова қазан айында 1,5 сыныптардың бейімделуін бақылау мақсатында қатысқан сабактардың қорытындысымен таныстырыды. 1 сыныптардың сабактарына қатысу оффлайн жүрсе, 5 сыныптардың сабактарына қатысу онлайн жүргізілді. Сапалы сабак беру үшін сабак жоспарының тиімді күрылуы бақыланды. Нәтижесі: Жоспарда сабактың барлық кезеңдері қамтылған, сабак мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, 5 сыныптарда формативті баға кейбір сабактарда ғана жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабак мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған.

Сабакқа қатысу барысында оқушылардың сабактағы зейіні, ынтасы, белсенділігі қадағаланды.

1 сынып оқушыларының зейіні тұрақсыз, белсенділігі жақсы. Сабак барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді. Мұғалімнің сұрақтарына қымсынбай жауап береді. Сабак мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны және күтілетін нәтижемен тығыз байланыстығы анықталды. Алдыңғы сабактағы білімді үнемі қайталай отырып, жаңа сабактар түсіндіріледі. Сабак барысында оқулықпен жұмыс, жазу, есептеу дағдылары қалыптастырылады. Сабак арасында физикалық жаттығулар өткізіледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, зейінің тұрақтандыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Сабакқа қатысу барысында оқушылардың сабакқа қатысу белсенділігі 5 А сыныбында - жақсы, 5 Б сыныбында - орташа екендігі анықталды. 5 Б сыныбының оқушылары тек берілген тапсырмаларды орындалап отыра береді, сұратарға жауа беруде қымсынады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көніл бөлінеді. Оңайдан қынға қарай тапсырмаларды орындалады. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар берілмейтіні анықталды, бағалау критерийлері көп жағдайда қойылмайды. Сабактарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады.

### **Сөз сөйлегендер:**

Канафина Г.Ж. – 5 Б сыныбының оқушыларының белсенділігі орташа. Сабакқа қызықтыру және белсенділігін арттыру үшін әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану керек.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабакта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. АКТ қолдануды жан – жақты зерттеу және сабакты ұтымды жүргізу үшін қолдану;
3. 1,5 сынып оқушыларының бейімделуін назардан тыс қалдырмау;

№4 сұрақта С.К. Смаилова мектепішілік бақылау жоспары негізінде пәндер бойынша сабак жүргізу қорытындысына тоқталды. Оның ішінде 8-11 сыныптардағы алгебра, химия, география, биология және бастауыш сыныптардағы дүниетану мен жаратылыстану пәндерінің жүргізу сапасының қорытындысымен таныстырылды.

8-11 сыныптардағы алгебра, химия өткен оқу жылдары қорытындысы бойынша аталған пәндер төмен пайыз көрсеткен болатын. Сол себепті аталған пәндер бойынша сабактарға қатысу жүргізілді. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

География, биология және бастауыш сыныптардағы дүниетану мен жаратылыстану пәндерін жүргізу сапасының қорытындысы бойынша сөз қозғалды. Бақылау барысында 3,4,8 сыныптардың сабактарына қатысу онлайн, 9 сыныптардың сабактарына қатысу оффлайн жүргізілді. Сабактарға қатысуда сабактарда формативті бағалаудың өткізілуін, педагогтің кері байланыс жасауын, пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау, оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологиялардың қолданылуын, пәнді жүргізу сапасын, сабакты жоспарлау және жүргізу, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын, үлгерімі төмен окушылармен жұмыс жүргізуді бақылау сияқты сұрақтар қарастырылды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

### **Сөз сөйлегендер:**

Ажыхан Е. – білім сапасын арттыру үшін сабак жоспарын тияқнақты құру керек. Жас мамандардың сабактарына қатысу және олардың тәжірибелі мамандардың сабактарына қатысуды жалғастыру керек.

Дүйсенбаева Л. – окушылардың өзін – өзі, өзара бағалау жұмыстарына көніл бөлу керек. Сабакта ҚБ ұйымдастырудың жолдарын дұрыс жоспарлау керек.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Күнделікті жоспар құруда жан – жақты іздену,
2. Білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру;
3. Жас мамандардың сабактарына қатысуды жалғастыру;
4. Қалыптастырушы бағалауға арнайы тапсырмалар берілуі қажет.
5. Үлгерімі төмен және дарынды окушылармен жұмысты сабакта жүргізу.

№5 сұрақ бойынша С.К.Смаилова 5, 6 сынып окушыларының оқу жылдарының қашықтық оқуға байланысты тексерілмегендігін атап айтты. Бұл сұрақ келесі отырыска қалдырылсын деп ұсыныс айтты.

Соңғы сұрақ бойынша С.К.Смаилова мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау нәтижесіне тоқсалдды. Бұл сұрақ барысында мұғалімдердің ҚМЖ және КТЖ жоспарлау, сабактарда бағалаудың түрлерін дұрыс жүргізу, окушыларды бағалау әділдігі, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану сапасын анықтау және сабактарда күтілетін нәтижені дұрыс қою бақыланды. КТЖ қурауда жас мамандарда бірнеше қындықтар туындағы, оларға тәлімгерлер көмек көрсетті. Қашықтан оқу болғандықтан цифрлық ресурстар кеңінен қолдануда. Аталған мәселелердің барлығы сабактарға қатысу

барысында қадағаланды. Мұғалімдердің сабақты жоспарлау және өткізу барысын жақсарту керек.

**Сөз сөйлегендер:**

Кункенова М.Н. – мұғалім мектептің айнасы. Білімді ұрпақ тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Ол үшін сапалы сабақ өткізу керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

- 1с – тәжірибемен бөлісу мақсатында онкүндіктер және мектепішілік семинарлар өткізуді ұйымдастыру;

ӘК төрайымы: Смаилова С.К.  
Хатшы: Шамшитова Ш.А.

**«Олжабай батыр ауылъының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

| <b>№</b> | <b>Аты – жөні</b>                     | <b>Қызметі</b>           |
|----------|---------------------------------------|--------------------------|
| 1        | Назарбекова Сауле Ануарбековна        | Мектеп директоры         |
| 2        | Смаилова Саягуль Канатовна            | Оқу ісі жөн. орынбасар   |
| 3        | Серғазы Жадыра                        | Тәрбие ісі жөн.орынбасар |
| 4        | Дүйсенбаева Лира                      | Мұғалім                  |
| 5        | Альмаганбетова Сания<br>Жолдангаровна | Мұғалім                  |
| 6        | Акишев Куат Калдыбаевич               | Мұғалім                  |
| 7        | Канафина Гульнур Жолдыбековна         | Мұғалім                  |
| 8        | Асқар Ергали                          | Мұғалім                  |
| 9        | Ажыхан Есенжан                        | Мұғалім                  |
| 10       | Кокумбаев Канат Елюкенович            | Мұғалім                  |
| 11       | Хужин Азамат Наилович                 | Мұғалім                  |
| 12       | Сайлаухан Батыржан                    | Мұғалім                  |
| 13       | Кункенов Сунқарбек Сламбекович        | Мұғалім                  |
| 14       | Хауай Рысгүль                         | Мұғалім                  |
| 15       | Кункенова Майкен Назымбековна         | Мұғалім                  |
| 16       | Хожабай Балжан                        | Мұғалім                  |
| 17       | Дүйсенбаев Мухаметтали<br>Темирбаевич | Мұғалім                  |
| 18       | Кункенова Гульмира Абайевна           | Мұғалім                  |
| 19       | Байғабыл Тилембек                     | Мұғалім                  |
| 20       | Кабдышева Айнур Канатовна             | Мұғалім                  |
| 21       | Умурзакова Гульдана Кайратовна        | Мұғалім                  |
| 22       | Естай Айкумис                         | Мұғалім                  |
| 23       | Асылбек А.                            | Мұғалім                  |
| 24       | Мухитова Н.Б.                         | Мұғалім                  |
| 25       | Хуат А.                               | Мұғалім                  |
| 26       | Шамширова Шамшия<br>Асылхановна       | Тәлімгер                 |
| 27       | Рақыш Қ.Н.                            | Педагог – психолог       |
| 28       | Джаббарбергенова С.Д                  | Мұғалім                  |
| 29       | Бақыс Айбол                           | Мұғалім                  |
| 30       | Қайыржан Ұлжан Сағындыққызы           | Мұғалім                  |
| 31       | Каирова Айнур Т.                      | Мұғалім                  |
| 32       | Хабыл Нургұль                         | Мұғалім                  |